

КМҚК «Золотой ключик» бөбекжайы



*«Саусақтарды дамытамыз, сөйлеуді
жақсартамыз»*

Дайындаған: логопед

Ерназарова М.С

«Саусақтарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз»

Баланың ұсақ саусақ моторикасын ойындар мен жаттығулар арқылы дамытамын. Қол, қолдың білезік жіне саусақтарын қозғауға арналған заттық ойындар, яғни ойыншықтармен өткіземін. Оған мозайкалар, конструкторлар, ұсақ құма, тұз арқылы текшедегі суреттерді салдыру, әр түстегі ұсақ ойыншықтарды екі қысқыш арқылы сол түстегі ыдыстарға орналастыру, текшелерді құрау, әріптерді, жемістерді өз орнына орналастыру, су-джок шары мен сақинасы арқылы жаттығулар кіреді. Аталған заттар саусақтың белсенді қозғалысына жақсы әсер етеді. Бөліктерден сурет құрау «құрамақ ойыны» бұнда құрап шығару мақсаты тұрады. Ойын барысында бөлшектермен қозғалыс жасайды. Ұсақ моториканы дамыта отырып баланың сөйлеуіне жағдай жасаймын. Сөйлеу тілі мүшелерінің әрекетінің қозғауларының дамуы саусақтарының нәзік қимылдарының дамуына тығыз байланысты болғандықтан, бала қолының ептілігін жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын үй жағдайындада жүйелі жүргізу қажет. Осы ойындар, жаттығу барысында баланың ойлау, есте сақтау, назар аудару қаблеттерін дамытады. айтқызып үйретемін.

Оң қолымда бес саусақ,
сол қолымда бес саусақ
Оларды атап шақырар,
әр қайсысының аты бар.
Бас бармақ,
Балан үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек

«Қайтала» ойыны

Мақсаты қол саусақтарының қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Балаға қарама-қарсы отырып саусақтарымен кез-келген фигураны көрсеу арқылы баланы қайталату. Кей саусақтар бұгулі, кейбірі түзу әртүрлі қимылдар.

Сонымен қатар суреттерді бояу арқылы қол қимылдарын дамытамыз. Дайын суреттерді бояу арқылы баланың назарын суретке аудару қажет. Суретте не бейнеленген, он бояу үшін қандай түс қолданамыз. Осының барлығы баланың назар аударғыштық, икемділік қаблетін дамытады. Бояу қозғалыс үйлесімін дағдыландыруда қол ұсақ моторикасын дамыту мен нығайтуды қамтамасыз етеді. Ұсақ құм бетіне сурет салғызамын. Сытырма, түйме, ілмектерді салғызып, бау байлауға үйретемін. Қол қозғалысының анықтылығы мен сенімділігін дамытады. Баламен жұмысты бастау үшін қайталама жаттығулар арқылы қозғалысты дайындаймын Жұмыс жасау барысында әр жұмысты немесе әр қимылды жоғары қызығушылықпен

жасауға үйретемін. Бұдан әрі қарай түрлі қызметке деген қызығушылықты қалыптастыратын ұсақ қолжіне жалпы моториканы дамытуға септігін тигізетін жаңа әдістемелік қабылдаулар іздестіру жұмысын жалғастырамын.

Үй жағдайында ата-аналарға ұсыныс:

Баламен бірігіп дамыту ойындарын ойнау қажет. Саусақтарын қимылдататын санамақ ойындарын, саусақ атауларын айтып саусақтарын қозғалтып қайталату қажет. Түйме, замок, ілмектерді өздеріне салғызып үйрету, сонымен қатар бау байлауға үйрету қажет. Осындай ұсақ жұмыстарды жасата отырып саусақ моторикасын дамытамыз. Ұсақ моториканың сөйлеу тіліне пайдасы мол.

